

**Қоғамдық-гуманитарлық бағыты**  
**«Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы» пәні бойынша**  
**оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру**  
**бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған**  
**тест спецификациясы**  
 (2023 жылдан бастап қолдану үшін)

**1. Тест мақсаты:** Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

**2. Тест міндеті:** Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

**В049 - Құқық**

**3. Тест мазмұны:**

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Азаматтық құқығының пәні, жүйесі, әдістері, қайнар көздері және қағидалары. Азаматтық құқық қатынастары	01	Азаматтық құқықтың пәні және қағидалары	Азаматтық құқықтың пәні мен әдістерін анықтау. Конституциялық және салалық белгілерді ажырату
		02	Азаматтық құқық қатынастарының мазмұны	Азаматтық құқықтық қатынастардың элементтерін бөліп көрсету
02	Азаматтар азаматтық құқықтардың субъектілері ретінде	03	Құқық қабілеттілік және әрекет қабілеттілік. Азаматты дараландыру құралдары	Құқықтық қабілеттілік және әрекет қабілеттілік ұғымын түсіндіріңіз. Азаматты дараландыру белгілерін көрсету
		04	Азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тану, өлді деп жариялау	Азаматты хабар-ошарсыз кетті, қайтыс болды деп тану шарттарын және құқықтық салдарларын айқындайды
03	Заңды тұлғалар	05	Заңды тұлға белгілері. Заңды тұлғаның түрлері	Заңды тұлғаның белгілерін сипаттайды. Заңды тұлғалардың түрлерін ажыратады
		06	Заңды тұлғаның құрылтай құжаттары. Заңды тұлғаны дараландыру құралдары.	Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарын сипаттайды
04	Азаматтық құқықтар объектілері	07	Азаматтық құқықтар объектілерінің ұғымы мен түрлері.	Азаматтық құқық объектілерінің түрлерін жіктейді

05	Мәмілелер	08	Мәміле ұғымы, белгілері және нысаны. Мәмілелерді жіктеу. Мәміленің жарамдылық шарттары	Мәміленің белгілерін анықтайды. Мәміле нысанын анықтайды. Мәмілелерді жіктейді. Мәміленің жарамдылық шарттарын анықтайды. Жарамсыз мәмілелердің түрлерін анықтайды. Мәмілелер жобаларын жасайды
06	Өкілдік және сенімхат	09	Өкілдіктің ұғымы. Сенімхаттың ұғымы.	Сенімхат пен өкілдіктің түрлерін жіктейді. Сенімхат жобаларын жасайды
07	Мерзімдерді есептеу. Талап қою мерзімі.	10	Мерзімдердің түрлері. Талап қою мерзімінің түрлері мен маңызы	Азаматтық құқықтағы мерзімдердің түрлерін және олардың барысын айқындайды
08	Меншік құқығының ұғымы, түрлері, пайда болуы, өзгертілуі және тоқтатылуы	11	Меншік құқығының түрлері. Меншік құқығының пайда болу және тоқтатылу негіздері.	Меншік құқығының түрлерін анықтайды. Меншік құқығының бастапқы және туынды негіздерін анықтайды
09	Міндеттемелер ұғымы және олардың пайда болу негіздері	12	Міндеттемелер түрлері. Міндеттемелердің пайда болу негіздері. Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету жолдары	Міндеттемелердің түрлерін жіктейді. Міндеттемелердің пайда болу негіздерін анықтайды. Міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету тәсілдерін сипаттайды
10	Шарттар туралы жалпы ережелер	13	Азаматтық құқықтағы шарттар ұғымы мен жіктелуі	Шарттарды жіктеудің негіздерін анықтайды
11	Міндеттемелердің жекелеген түрлері	14	Азаматтық құқықтық шарттардың элементтері мен ерекшеліктері	Міндеттемелердің жекелеген түрлерін айқындайды. Құқықтық шарттардың ерекшеліктерін талдайды. Азаматтық құқықтық шарттардың элементтерін айқындайды. Шарттардың жобаларын жасайды
12	Зиян келтіргені үшін жауаптылық ұғымы, жалпы негіздері және түрлері	15	Деликтілік міндеттемелер. Жоғары қауіптілік көздері ұғымы. Моральдық зиянды өтеу.	Деликтілік міндеттемелерін анықтайды. Жоғары қауіптілік көздерін анықтайды
13	Интеллектуалдық меншік, авторлық, сабақтас және өнертабысқа құқықтар ұғымы	16	Интеллектуалдық меншік субъектілері мен объектілері. Авторлық және сабақтас құқықтардың объектілері мен субъектілері.	Зияткерлік меншік субъектілері мен объектілерін анықтайды



14	Мұрагерлік ұғымы мен түрлері. Мұраны қабылдау	17	Мұрагерліктің негіздері. Заң бойынша мұрагерлік. Мұраны қабылдау кезегі. Өсиет бойынша мұрагерлік. Өсиет нысаны.	Мұрагерліктің негіздерін, мұраны қабылдау тәртібін анықтайды
15	Отбасы құқығы ұғымы, пәні, қайнар көздері, қағидалары, жүйесі	18	Отбасы құқығының қағидалары мен жүйесі. Отбасы құқығымен реттелетін қатынастар.	Отбасылық құқық жүйесіне біледі. Отбасылық Заңмен реттелетін қоғамдық қатынастарды анықтайды. Отбасы құқығының принциптері мен көздерін анықтайды
16	Неке. Ерлі-зайыптылардың құқықтық қатынастары.	19	Некеге тұрудың тәртібі мен шарттары. Некені тоқтату. Ерлі-зайыптылардың мүліктік құқықтары мен міндеттері. Неке шарты.	Неке шарттарын анықтайды. Ерлі-зайыптылардың жеке және мүліктік құқықтарын анықтайды
17	Ата-аналардың және балалардың құқықтық қатынастары	20	Ата-аналардың және балалардың құқықтары мен міндеттері. Алименттік міндеттер. Ата-ана құқықтарынан айыру немесе шектеу негіздері. Бала асырап алу тәртібі.	Ата-аналар мен балалардың құқықтары мен міндеттерін анықтайды. Ата-ана құқығынан айыру және шектеу негіздерін және олардың құқықтық салдарын анықтайды. Бала асырап алу тәртібін және бала асырап алудың құқықтық салдарларын айқындайды
18	Қорғаншылық немесе қамқоршылық. Патронат	21	Қорғаншылықты немесе қамқоршылықты белгілеу негізі мен тәртібі. Баланы патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарт.	Қорғаншылық пен қамқоршылықты белгілеу тәртібін біледі. Қорғаншылық пен қамқоршылықтың негіздерін белгілейді

#### 4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формасы:** Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

**8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау:** тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

**9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Арнайы бөлім. Түсініктеме. М.Қ. Сүлейменов, Ю.Р. Бассейн – Алматы, 2012 ж.

2. Неке/ерлі-зайыптылық/ және отбасы туралы Қазақстан Республикасының Кодексі. – Алматы: Жеті жарғы, 2012 ж.

3. Жайлин Г.А. «Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы». Арнайы бөлім, 1-том.- Алматы, 2012 ж.

4. Г.И. Төлеуғалиев «Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы», 2012 ж.

5. Сергеев А.П., Толстой Ю.К. «Азаматтық құқық». 2-бөлім./Ред. -М, 2010 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Оқу-әдістемелік  
бірлестігінің төрағасы



М.Рахымбек  
(Т.А.Ә)

«15» қыркүйек 2022 ж.